

Акциялар ұстаушылардың тізілімін дербес жүргізуді жүзеге асыратын акционерлік қоғамдардың акцияларын әлеуетті сатып алушылар болып табылатын инвесторлардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау жөніндегі кейбір шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы директорының 2000 жылғы 12 қазан N 679 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 28 қарашадағы N 1309. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 305 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын...

Төраға

К ү ш і ж о й ы л д ы д е п т а н ы л ғ а н
нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

15. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директорының "Акциялар ұстаушылардың тізілімін дербес жүргізуді жүзеге асыратын акционерлік қоғамдардың акцияларын әлеуетті сатып алушылар болып табылатын инвесторлардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау жөніндегі кейбір шаралар туралы" 2000 жылғы 12 қазандағы N 679 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1309 тіркелген, "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналында жарияланған, 2000 жыл, N 12)...

Бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау мақсатында, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05 наурыздағы заңы Z970077_ (бұдан әрі "Заң" деп аталады) 10-бабының алтыншы азатжолын және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 U973755_ жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі

Ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағының 17) тармақшасын орындау үшін, Заңның 34-бабы 9-тармағының, аталған Ереженің 4-тармағы 23) тармақшасының және 5-тармағы 11) тармақшасының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 шілдедегі N 944 Р960944_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу туралы ереженің 41-тармағы в) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты қаулы етеді:

1. Осы Қаулыда пайдаланылған ұғымдардың мыналарды білдіретіндігі белгіленсін:

1) "Қоғам" - "Акционерлік қоғамдар туралы" Z980281_ Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі заңының 35 бабы 2-тармағының негізінде өз акцияларын ұстаушылардың тізілімін дербес жүргізуді жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

2) "Қоғамның бірінші басшысы" - Қоғамның алқалы атқарушы органының басшысы немесе Қоғамның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлға не оның міндетін атқарушы тұлға;

3) "Маман" - Қоғамның Ұлттық комиссия берген екінші санатты біліктілік куәлігін (бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді орындау және тіркеу жөніндегі жұмыстарды орындауға рұқсат құқығы бар) иеленген және Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі функцияны жүзеге асыратын қызметкері.

2. Қоғамның бірінші басшысының Маманға:

1) акциялардың эмиссиясына қатысты құжаттарды: Ұлттық комиссияның акциялардың эмиссиясына ұлттық біріздендіру нөмірін (ұлттық біріздендіру нөмірлерін) беру туралы хаттарын (куәліктерін) және/немесе акциялардың эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді, акциялар эмиссиясының проспектісін (проспектілерін) және өзге де ықтимал құжаттарды;

2) Қоғамның акцияларды шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есепті (есептерді) Ұлттық комиссияға бергендігін растайтын құжаттарды;

3) Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізу үшін қажетті өзге де құжаттар беруге міндетті екендігі белгіленсін.

3. Маманның:

1) эмитенттердің Заңның 24-бабы 1-тармағында белгіленген міндетіне;

2) осы Қаулының 2-тармағына сәйкес алған құжаттарға сүйене отырып Қоғамның акцияларды шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есептерді беру мерзімдерін дербес есептеуге міндеті белгіленсін.

4. Маманның жазбаша нысанда, Қазақстан Республикасының заңдарына

сәйкес Ұлттық комиссияға акцияларды шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есепті берудің соңғы күні басталғанға дейін кемінде он күнтізбелік күннен бұрын кешіктірмей Қоғамның бірінші басшысын аталған есепті Ұлттық комиссияға өз уақытында беру қажеттілігі туралы ескертуге міндетті екендігі белгіленсін.

5. Қоғам Ұлттық комиссияға акцияларды шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есепті берудің Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мерзімін бұзған жағдайда, Маманның Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Ұлттық комиссияға аталған есепті берудің соңғы күнінен кейінгі күні:

1) соттың заңды күшіне енген шешімін орындау жөніндегі; үзінді-көшірмелерге акцияларды ұстаушылардың дербес шоттары бойынша операциялар жүргізуді тоқтата тұру туралы жазбаны міндетті түрде енгізе отырып акцияларды ұстаушылардың тізілімінен үзінді-көшірмелер беру жөніндегі операцияларды қоспағанда:

Қоғамның акцияларын ұстаушылардың дербес шоттары бойынша операциялар (оның ішінде Қоғамның эмиссиялық шотынан акцияларды ұстаушылардың дербес шотына аудару жөніндегі операциялар) жүргізуді тоқтата тұруға;

2) Қоғамның бас кеңсесінде және филиалдарында акцияларды ұстаушылар үшін қолайлы орындарда тиісті хабарландырулар орналастыру арқылы акцияларды ұстаушыларды;

жеке хабарлар жіберу арқылы Қоғам акцияларының меншік иелерін;

Қоғам акцияларының нақтылы ұстаушыларына жеке хабарлар жіберу арқылы (оларға өздеріне тиесілі Қоғамның акцияларын нақтылы ұстауға берген тұлғаларды олардың дербес шоттары бойынша операциялар жүргізуді тоқтата тұру туралы жазбаша ескерту міндетін жүктей отырып) Қоғам акцияларының нақтылы ұстаушыларын;

Қоғам акцияларын ұстаушылардың дербес шоттары бойынша операциялар жүргізуді тоқтата тұру туралы жазбаша ескертуге;

3) Қоғамның акцияларын ұстаушылардың дербес шоттары бойынша операциялар жүргізуді тоқтата тұру туралы және Маман мен Қоғамның қолданған әрекеттері туралы Ұлттық комиссияның назарына жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті екендігі белгіленсін.

6. Осы Қаулының 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген хабарларға және жазбаша ақпаратқа осындай құжаттарға Қоғамның атынан қол қоюға уәкілеттік берілген тұлғаның қол қоятындығы белгіленсін.

7. Қоғамның акцияларын ұстаушылардың дербес шоттары бойынша операциялар жүргізуді тоқтата тұрудың оларды нақтылы ұстаушының осы

нақтылы ұстаушының клиенттерінің арасында, сондай-ақ нақтылы ұстаушының және оның клиенттерінің арасында Қоғам акцияларымен операциялар жүргізуді тоқтата тұратындығына әкеп соғатындығы белгіленсін. Бұл ретте нақтылы ұстаушы тиісті клиенттерді Қоғамның акцияларын ұстаушылардың дербес шоттары бойынша операциялар жүргізуді тоқтата тұру туралы, сондай-ақ Қоғам акцияларының эмиссиясын Ұлттық комиссия Заңының 21-бабы 1-тармағының төртінші азатжолына және 24-бабының 5-тармағына сәйкес болмаған деп тану мүмкін екендігі туралы жазбаша ескертуі керек.

8. Қоғам акцияларын ұстаушылардың дербес шоттары бойынша операциялар (оның ішінде акцияларды Қоғамның эмиссиялық шотынан акцияларды ұстаушылардың дербес шотына аудару жөніндегі операциялар) жүргізуді жаңартуды Қоғамның оның акцияларын шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есепті Ұлттық комиссияға бергендігін растайтын құжаттардың негізінде Маманның жүзеге асыратындығы белгіленсін. Бұл ретте Маман аталған операцияларды жаңарту туралы Қоғам акцияларын ұстаушыларына және Ұлттық комиссияға осы Қаулының 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларында белгіленген тәртіпте жазбаша ескертілуін қамтамасыз ету к е р е к .

9. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

10. Ұлттық комиссия орталық аппаратының корпоративтік қаржылар басқармасына осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) өз акцияларын ұстаушылардың тізілімін дербес жүргізуді жүзеге асыратын акционерлік қоғамдардың назарына жеткізу жөнінде барлық ықтимал шараларды қабылдасын .

11. Осы Қаулының орындалысына бақылау жасау Ұлттық комиссия орталық аппаратының корпоративтік қаржылар басқармасына және Лицензиялау және қадағалау басқармасына жүктелсін.

Ұлттық комиссияның Төрағасы